

**ЖШС «Бақ-Ислам» балабақшасы  
№2 Әдістемелік кенес хаттамасы**

**Қазан**

**Қатысқандар саны: 7**

**Қатыспағандар саны: 0**

**Күн тәртібінде:**

1. тәрбиелеу білім беру процесін ұйымдастыру, балаларды дамыту әдістемелері, дидактикалық материалдарды қолдану бойынша жеке консультациялар беру(Әдіскер)
  2. Ашық есік күндерін ұйымдастыру мен өткізу бойынша ұсынымдар беру әдіскер
- Ағымдағы мәселелер.

**1-Мәселе:** Әр топтың тәрбиешілеріне балаларды дамыту әдістемелерін қолдану және тиімді дидактикалық материалдарды пайдалану бойынша жеке консультациялар беру.

**Талқылау: Әдіскер** Тәрбиешілердің оқу процесін ұйымдастыруда қандай қиындықтармен кездесіп жатқанын талдап, әр тәрбиешіге жеке ұсыныстар берді. Әсіресе, оқу іс-әрекеттерінде дидактикалық материалдардың дұрыс қолданылуы, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес әдістемелердің тиімділігі талқыланды. Тәрбиешілер әдістемелерді қалай қолдану керектігіне байланысты нақты сұрақтар қойды, және дидактикалық материалдардың түрлерін таңдау бойынша көмек сұрады. Әдіскер әр тәрбиешіге жеке жоспар құруға ұсыныстар берді. Әдіскер әр тәрбиешіге оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру, балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дидактикалық материалдарды пайдалану жолдарын түсіндірді. Әсіресе, оқу іс-әрекеттерінде шығармашылық қабілеттерді дамытатын, логикалық ойлауды арттыратын әдістемелерді енгізудің маңыздылығы атап өтілді. Сонымен қатар

**Воскобович әдістемесі** туралы ,Балалардың логикалық ойлауын, зейінін және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Воскобович әдістемесі ойындық жаттығулар мен тапсырмалар арқылы балалардың математикалық, логикалық ойлау дағдыларын жетілдіретіндігін айтып өтті. Әр әдістемеге жеке тоқталып өтті. Сенсорлық даму әдістемесі, Табиғи-экологиялық әдістемесі туралы да айтып өтті.

**2. Мәселе:** Ашық есік күндерін тиімді ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсынымдарды қарастыру.

**Әдіскер** Ашық есік күндерін өткізу барысында ата-аналарға балалардың білім алу процесін, тәрбиешілердің әдістерін көрсету, сондай-ақ ата-аналармен тікелей байланыс орнату маңызды екенін атап өтті. Ашық есік күндерін өткізгенде, әр топтың ерекше іс-шаралары, балалардың жетістіктері мен шығармашылық қабілеттерін көрсетуге баса назар аудару керек екендігі ескертілді.

Ашық есік күндерінде ата-аналармен кері байланыс орнату және оларды балалардың оқу-тәрбие процесіне тарту жолдары туралы ұсыныстар енгізді. Әр топ ашық есік күндерінде өздерінің ерекше іс-шараларын, балалардың шығармашылығы мен танымдық қабілеттерін көрсететін бағдарламалар ұсыну керектігі айтылды. Тәрбиешілер ашық есік күндерінің ұйымдастыру тәртібі, ата-аналарды тарту және өткізу кестесі бойынша өз пікірлерін білдірді.

**Қаулы:**

-Әр топ тәрбиешісі жеке консультациялардан кейін әдіскердің берген кеңестері бойынша жұмыс жоспарларын толықтырып, дидактикалық материалдарды дұрыс қолдануға назар аудару.

-Ашық есік күндерінің күнтізбелік жоспары әзірленсін. Әр топта өз іс-шараларын жоспарлансын.

**Әдістемелік кеңес төрайымы:**

Смагулова А

**Хатшы:**

Аманшалова А